



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 7M01702 Орыс тілі шет тілі ретінде

**БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
МАҚСАТЫ**

Орыс тілін шет тілі ретінде оқытудың заманауи әдістерін меңгерген, пәндік, коммуникативтік, сандық, кәсіпкерлік құзыреттерге ие, білім беру үдерісін ұйымдастырып, ғылыми зерттеулер жүргізе алатын магистрлерді даярлау.

**КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ
САЛАСЫ**

- филология және гуманитарлық білім
- тілдік, тұлғааралық және мәдениетаралық коммуникация
- білім, мәдениет және басқару.илология и гуманитарное знание

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН-1 - мәдениеттің маңыздылығын адамзаттың өмір сүруінің формасы ретінде түсінеді және өз қызметінде базалық мәдени құндылықтарды, толеранттылықтың заманауи ұстанымдарын, диалог пен ынтымақтастықты басшылыққа алады, көпшілік алдында сөйлеу, пікірталас пен полемика жүргізуді қолданады.

ОН-2 - қызметтің кәсіби және ғылыми аяларындағы, сондай-ақ шектеусіз салалар мен қарым-қатынас жағдаяттарында мәселелерді шешу үшін орыс әдеби тілінде ауызша және жазбаша формаларда қарым-қатынас жасайды.

ОН-3 - білім беру сапасын арттыру мақсатында білім алушылардың қызметіне мониторинг пен диагностика жасау негізінде филологиялық циклдегі пәндер бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін бағалайды, кәсіби өзін-өзі бағалауды жүзеге асырады.

ОН-4 - филология саласында ғылыми зерттеулер жүргізеді: іздеу мен талдаудың бірыңғай әдістемесін және зерттеу материалдарын өңдеуді қолдана отырып лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, әдебиеттану мен орыс тіл білімінің қазіргі мәселелерін шешу тәсілдерін айқындайды және айғақтармен негіздейді, зерттеушілік және практикалық міндеттерді шешу үшін пәнаралық білім мен лингвистика және әдебиеттану аясындағы білімдерді синтездейді.

ОН-5 - оқу үдерісінің тиімділігін арттыру үшін ИКТ, оқытудың денсаулық сақтаушы, интербелсенді, сыни ойлау технологияларын қолдана отырып кәсіби қызметте мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес орыс филологиясында алған теориялық және практикалық білімдерін пайдаланады.

ОН-6 - кәсіби міндеттерді шешуде ұйымаралық және пәнаралық жобаларға қатысады, білім беру мен еңбектің ауыспалы нарығына білім алушыларды бейімлеу үшін қажетті құзыреттіліктерді дамытуға бейім әрі ұтқыр.

ОН-7 - алған білімдерін орыс тілі мен әдебиетінің теориясы мен тарихында, коммуникация теориясында, кәсіби және жеке ғылыми-зерттеу қызметіндегі филологиялық талдау мен мәтінді интерпретациялауда, сондай-ақ коммуникативтік тілдік қызметте (соның ішінде оның жағдаяттық-стилистикалық сипатын ескере отырып) пайдалана алады.

ОН-8 - этномәдени және конфессионалдық ерекшеліктерді, қоғамның әлеуметтік мәдени құрылым ерекшеліктерін, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен ұстанымдарын ескере отырып көпмәдениетті ортада кәсіби қызметті ұйымдастырады.